ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 қаңтар №2301-24-00-2/3709 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының «Балалар оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Эверест Газпром» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Сарсенгалиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 22 қаңтарда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №17 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер «Газ қондырғыларға/жабдықтарға/жүйелерге/аппараттарға/газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша» қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 қызмет үшін 73 000 теңге, орындау мерзімі – 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Алайда, жауапкер міндеттемені мерзімінде орындамаған.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызметтер тиісті түрде көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, қызметтер көрсетілмегенін, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 22 қаңтарда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №17 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмағанын, жылыту кезеңі басталған кезде 2024 жылғы 15 қазанда жауапкерге электрондық порталы арқылы қызметті орындау туралы өтінішін жолдағандарын, алайда жауапкер келмегенін, қызметті көрсетпегенін, одан кейін 2024 жылғы 7 қарашада жауапкерге электрондық порталы арқылы жасақталған шарт бойынша міндеттемені орындау туралы екінші өтініштерін жолдағандарын, алайда ол өтініште орындаусыз қалғанын айтты.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 29.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Дәурешова О. Ш., 04.03.2025

Нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, 2024 жылғы қараша айында жылыту жүйесінің бір қазандығы істен шығып жасамай қалғанын, өз тараптарынан жөндеу жұмыстарын жүргізгендерін, мекеме балалар оңалту орталығы болғандықтан мүмкіндіктері шектеулі балалар келетіндігін, яғни қыс мезгілінде газ құбыры жылыту жүйесіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында, міндетті түрде техникалық тексеру қызметтері көрсетілуі тиісті екенін түсіндірді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының «Балалар оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Эверест Газпром» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Эверест Газпром» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Эверест Газпром» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова
Көшірмесі дұрыс
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама
Сот шешімі 2025 жылдың «03» наурызында заңды күшіне енді
Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 29.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Даурешова О. Ш., 04.03.2025
2301-24-3-1/4055

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 29.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Дәурешова О. Ш., 04.03.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»